

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 435 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы  
16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығының күші жойылды деп  
тану және Қазақстан Республикасы Президентінің  
1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығына  
өзгеріс енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы      Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлем туралы" 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлем туралы" 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 55-56, 542-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "және Қазақстан Республикасы Президентінің " Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлем туралы" 1997 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 3636 Жарлығына сәйкес біржолғы төлемді алуға арналған құжаттарды уақытында ресімдей алмаған" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ